Газет 1970 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газета выходит с 1 января 1970 года

# Іле таңы

№34 (4617)

Іле аудандық қоғамдық-саяси апталық

14 тамыз (жұма) / августа (пятница) 2015 жыл / год

Илийский районный общественно-политический еженедельник




**Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «5 реформа және 100 қадам» Ұлттық жоспарын насихаттау жұмысы ауданымызда қарқынды түрде қолға алынды.**

## МӘҢГІЛІК ЕЛ - ҰЛТ МҰРАТЫ

«100 қадам - қарышты даму жолы» ашық кеңейтілген кітап көрмесі барлық округтердегі кітапханаларда ұйымдастырылды. Сондай-ақ, ақпараттық бюллетеньдер, экспресс-дайджестер, буклеттер, ақпараттың жедел түрлерін дайындап, Ұлттық жоспар бойынша кітап көрмелері қызметін ұйымдастырып, мемлекеттік аппарат қызметкерлерімен, жоғары оқу орындары оқытушыларымен, мамандармен экспресс-мінбе, дөңгелек үстел, кеңестер өткізіп, талқылауға байланысты жарияланған маңызды материалдарды электрондық катологқа енгізіп, электрондық досье құрау сынды барлық жоспарға керекті құралдарды кеңінен қолдана отырып, жұмыстарды бастап кеттік. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бес институционалды реформасын жүзеге асырудағы «100 нақты қадам» Ұлттық жоспары қолға алынды.

Ұлттық жоспарды жүзеге асыру қажырлы еңбекті қажет етеді. Сондықтан да оны орындап, жүзеге асыру үшін барлық мемлекеттік қызметшілер, әсіресе білім көзінің күзетшісі болып саналатын кітапханашылардың да атсалысуы абзал. Бұл шаралардың барлығы мемлекеттік қызметтің қазақстандық қоғамның эталоны болуға бағыттайды. Еліміздің әрбір азаматына өзін-өзі дамытуға тең құқық, мүмкіндік беріп отыр.

87-қадам. Азаматтық біртектілікті нығайтудың «Менің елім» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Соның бірі - «Қазақстан энциклопедиясы» кең көлемді интернет жобасын құру. Мұндағы басты мақсат - әрбір азаматқа және шетелдік туристке ел туралы көбірек білуге көмектесу. Порталға Қазақстан бойынша 3D бейне турлары, елдің тарихы мен мәдениеті, қызықты оқиғалары және қарапайым қазақстандықтардың өмірі туралы ақпараттар орналастыру. Портал бір есептен елдің «сапарнама карточкасына», ұлттық жол көрсетушісіне, қызықты азаматтар үшін ұлттық құрмет тақтасына және виртуалды хабарласу тұғырнамасына айналдыру. Егер бір маман өзге әріптестерінен көп әрі нәтижелі, ашық-таза жұмыс істесе, оны міндетті түрде ынталандырған жөн. Ең аз дегенде оны моральдық тұрғыда қолдаған дұрыс. Оған қоса қызметкердің өзіне материалдық тұрғыда қолдау болатынын сезінуі керек. Міне, осы мәселенің бәрі Президенттің «100 нақты қадам» жобасында көрсетілген.

Елбасының ел азаматтары алдына қойған тапсырмалары тіршілік көзіне тың серпін тастағаны талассыз. «100 нақты қадамда» сөз етілген сан саланың салмақты мәселелерін шешу - Қазақстанымыздың келешегін кемелдендіру, Отанымызды озық отыз ел қатарына қосу болып табылады Бұл ретте, адамзаттың білімін арттыру дүние танымын кеңейтуіне барынша мән беріліп отыр. Олай болуы да орынды. Белгіленген басты жүз тапсырмада ғылымның ғаламатын меңгеріп, білімнің биік шыңын бағындыруымыз керек. Сондықтан әрқайсымыз «100 қадамның» жоспарын жете түсінуіміз қажет. Мәңгілік елдің ұлттық мұраты, ұлы жолда қарыштай берсін.

***М. ЖӘБИЕВА,***
***аудандық кітапхана директоры.***

**● *Августовское совещание***

## ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ

***Обаятельные улыбки, красивые наряды и сосредоточенные перед началом учебного года лица учителей выражали их внутреннее состояние на августовской конференции педагогических работников 2015 года. «Болеть душой за общее дело!» - призвала Л.Каткеева.***




В ее работе приняли участие: аким К.Медеуов, директор Института повышения квалификации педагогических работников по Алматинской области Х. Дюйсебаев, руководители отделов служб района, представители правоохранительных органов, руководство районного филиала партии «Нұр Отан», главный редактор газеты «Іле таңы», акимы сельских и поселковых округов, директора и заместители школ, заведующие и воспитатели дошкольных учреждений, учителя и родители.

В нарядно украшенном шарами фойе, гостей и всех приглашенных впечатлили достижения илийских школьников в различных конкурсах и олимпиадах, вывешенные на стендах. Порадовали новости относительно строительства новых школ в селах Отеген батыр, им.Н.Тлендиева, Комсомол и Куйган.

С обширным докладом на тему: «Обновление содержания образования – требование времени» выступила руководитель Илийского районного отдела образования Л.Каткеева. Без прикрас рассказала о реальном положении дел: результатах ЕНТ, назвала лучшие и слабые школы, занимающие нижние строчки по качеству образования. Подытожила: «Содержание работы учреждений образования многопланово. Большой педагогический марафон, участниками которого станут практически все педагоги района, предоставит возможность обсудить и проанализировать актуальные проблемы образования. Время перемен, в первую очередь, касается образовательного пространства. Единственно правильное направление модернизации системы образования обозначил для нас Президент страны Н.А.Назарбаев. Необходимо признать, пока в сфере образования не будут работать преподаватели высокой квалификации, болеющие за школу, детей, за общее дело, наши попытки поднять результативность деятельности школьных коллективов, а значит и уровень качества знаний, будут напрасны! Не будет весомого сдвига в учебно-воспитательном процессе, пока администрация школы не сменит своего отношения к значимости работы методических объединений и не перестанет рассматривать его как формального исполнителя заданий администрации, а не творческого коллектива. Успехи или неудачи системы образования района напрямую связаны с вашей конкретной работой на местах, с вашим стремлением к успеху, грамотным анализом деятельности, четким планированием и системностью в работе». В завершении доклада, Ляззат Жакыповна поздравила коллектив с началом учебного года, пожелала семейного благополучия и счастья.

В обсуждении основного доклада приняли участие: аким Жетыгенского сельского округа Н.Абилев, который, в частности, отметил: «Сфера образования Жетыгенского сельского округа представлена шестью школами, двумя ясли-садами, одним мини-центром для детей дошкольного возраста.

***(Продолжение на 2 стр.).***

**● *Жастар саясаты***

## ЕЛ БОЛАШАҒЫ - БЕЛСЕНДІ ҰРПАҚ

***12 тамыз - Халықаралық жастар күні. Бұл күн БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарына сәйкес 1999 жылдан бастап тойланады. Биыл да Өтеген батыр кентінде Халықаралық жастар күні кең ауқымда аталып өтті. Аталмыш мерекеге орай аудан орталығындағы алаңда спорттық ойындар және өлке өнерпаздарының қатысуымен концерт ұйымдастырылды.***

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жариялаған Ұлт жоспары - «100 нақты қадам» бағдарламасы еліміздің даму жолы үшін айқындалған ерекше құжат. Бүгінгі мерекеде жастарға, яғни, мына отырған сендерге бағдарламаны аудан көлемінде насихаттап, көшбасшымыздың сарабдал саясатын бірге жүзеге асыруға шақырамын. Реформада аталған әрбір қадамның маңызы ерекше. Осы бағдарлама - дамыған отыз елдің қатарына қосылудың негізгі бағыты. Сондықтан да жастар Сіздер жұмыла жұмыс атқарып, әр салада өз үлестеріңізді қосуға, еліміздің дамуына септіктеріңізді тигізулеріңіз қажет. Біз мемлекет болашағымыз. Мені соңғы кездері жастар арасындағы жұмыссыздық, баспана мәселесі көп ойландырады. Осы бағытта жұмыстар оң шешімін тапса, біз жастардың болашағына айтарлықтай жағдай жасаған болар едік. Мерекемен баршаңызды құттықтаймын. Елімізде бейбіт заман болып, әр отбасынан шаттық кетпесін», - деді жиында сөз сөйлеген аудандық жастар ұйымының жетекшісі Жандос Тәттімбетов.

Артынша сөз алған «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының кеңесшісі Жансая Бекмухамбетова: - «Жалпы жастар күнін мерекелеу елімізде өткен жылдан бастап қолға алынды. Аталған күні аудан орталығында және округтерде олардың қатысуымен әр түрлі бағытта шаралар өтеді. Мемлекет тарапынан да жастарға көп көңіл бөлініп, мол мүмкіндіктер ұсынылып жатыр. Сол мүмкіндіктерді жастар пайдаланып, өзінің игілігіне жаратып, сапалы білім алып, жақсы еңбек етіп, еліміздің дамуына өз үлестерін қосады деп сенім білдіреміз. Мерекеге орай жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және бұқаралық спортты дамыту үшін шағын футболдан турнир және жүгіруден жарыс өтті», - деді.



Бүгінгі таңда ауданда 14-29 аралығындағы 50 мыңнан астам жастар бар. Олардың басым көпшілігі спорт, ғылыми және мәдени-көпшілік шараларға белсене қатысады.

Мерекеге орай құрылған сахнада округтерден келген жас өнерпаздар әуелетіп ән шырқап, мың бұрала билеп, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Шара соңы жастардың флешмобына ұласты.

***Б.ЧОЙБАСОВ.***

Августовское совещание

# ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ



(Начало на 1 стр.).

В рамках государственной программы «100 шагов» и руководствуясь требованиями акима района К.Медеуова, о солидарной ответственности акимов сельских округов и педагогических коллективов школ за качеством предоставляемых знаний учащимся, по Жетыгенскому округу предусмотрено - тесное сотрудничество с сотрудниками образовательных учреждений, родителями учащихся через организацию системных встреч, проведение круглых столов, семинаров, обеспечение 100% охвата детей дошкольным образованием. Продолжить работу по открытию частных детских садов и мини-центров, проработка вопросов по открытию профессионально-технического колледжа в округе, принятие мер по дополнительному открытию специализированных групп для детей с ограниченными возможностями в действующих детских садах, в том числе и частных, организация курсов для талантливой молодежи по углубленному изучению казахского и английского языков, укрепление социального партнерства , создание ассоциации выпускников для поддержки молодежи в вопросах будущего профессионального выбора и другие мероприятия.» Перед аудиторией также выступили: директор института Х.Дюсебаев, депутат раймаслихата Е.Мухтарова, директор СШ№5 А.Наурызбаев, заведующая детским садом «Балдаурен» Ш.Аманкулова, член школьного родительского комитета О.Галина.

Аким района Кыдыркелды Омиржанович обратил внимание педагогов на воспитание подрастающего поколения: «Педагоги должны идти в ногу со временем, не отставая от новых инновационных технологий. Ваша задача - дать детям достойное качественное образование, чтобы они могли продолжить его в лучших вузах страны. Похвально, когда родители и педагоги сообща принимают участие в полноценном развитии ребенка. Надеюсь, что вы выведете район на лучшие результаты в новом учебном году и приложите для этого свои знания и многолетний опыт.»

Далее участники августовского совещания педагогических работников, ознакомившись с результатами и проблемами в образовательной деятельности района по итогам 2014-2015 учебного года, единогласно приняли резолюцию: признать работу системы образования за прошедший год удовлетворительной. Улучшать работу по укреплению материально-технической базы и оснащенности учреждений образования района, т.е. создавать условия для устранения 3-х сменного обучения. Усилить контроль РОО за выполнением требования о персональной ответственности руководителей учреждений образования за системный рост результативности и успешности учебной и воспитательной работы коллективов посредством постоянного проведения мониторинга и определения рейтинговых показателей по направлениям работы. С целью обобщения лучшего опыта учебной и воспитательной работы учреждений образования расширять деятельность ресурсных центров, созданных в 2014году. РОО продолжить работу по выявлению и дальнейшему развитию одаренных детей и, с этой целью ходатайствовать перед вышестоящими органами о создании в районе центра творчества для детей и подростков. Активизировать работу педагогических сообществ по обобщению и распространению опыта учителей, работающих по совместной программе НИШ и Кембриджского университета. Увеличивать охват обучением и воспитанием детей дошкольного возраста и на базе детского сада «Әдемі» создать районный ресурсный центр для изучения и распространения лучшего опыта работы государственных и частных дошкольных учреждений и координации их деятельности. Продолжать работу по выполнению «Национального плана мероприятий по формированию функциональной грамотности учащихся 2012-2016 года» и работу по подготовке учащихся к независимой международной оценке знаний учащихся. Усилить роль психологической службы учреждений образования в создании условий положительной мотивации детей в обучении и правильном выборе решений в разных жизненных ситуациях. Продолжать воспитание подрастающего поколения на основе лучших народных традиций, в духе патриотизма, человечности, уважения к жизненным ценностям, сложившимся в нашем обществе.

Одним из приятных моментов была церемония награждения лучших педагогов. С теплыми пожеланиями илийских учителей поздравил аким района Кыдыркелды Омиржанович Медеуов. На памятном фото запечатлелись красивые улыбки, блеск в глазах и желание творить, ведь учить детей – процесс творческий!

Поздравляем замечательных илийских педагогов, вкладывающих душу в каждого ребенка, с началом учебного года! Благодарных вам учеников!

*Жанар ДАУРЕНБЕКОВА.*

Сүйінбай Аронұлының туғанына 200 жыл



Сүйінбай Аронұлы Алатаудың аса сұлу бетбауыр бөктеріндегі Алматыға тиіп тұрған Қарақыстақ ауылының Бұлақ деген жерінде 1815 жылы туып, 1898 жылы 83 жасында дүние салған. Болашақ даңқты жырау жасында жоқшылық тауқыметін көп тартқан. Жастай жетім қалып, байдың малын бағып, тамағын асыраған. Ол туралы өлеңдерінде ақынның өзі де айтады. Ал ақын Кожахмет Тұрлыбайұлы бір өлеңінде:

Сүйінбай он жасында
қалды жетім,
Жылаумен секпіл басқан екі бетін.
Жетімді жетілдіріп, жүйрік еткен
Алланың көрмеймісің құдіретін, –

деп, Сүйінбайдың бала кезі туралы нақты дерек келтіре отырып, жетім баланың ақындық өнердің шыңына шырқағандығына таңданады. Белгілі бір адамның бойындағы басқаларда жоқ ерекше қасиеттері, соның ішінде ақындық өнері туралы да, халық: «тұқымында бар», «өлең (ақындық) қонған» дейді. Мұның мәнісі: тегінде – аталары немесе нағашыларында бар жасаған қиянаттарын алмастай өткір жырлармен естен кетпестей қып бетіне басты. Ел бірлігін, оның тәуелсіздігін, сол жолдағы ерлердің жанқиярлығын талмай жырлады. Ол өзінің бұл биік адамгершілік-этикалық ұстанымын жолын қуған талантты шәкірттерінің көкірегіне құйып отырған. Қаратай, Өтеген, Сұраншы, Сауырық, Сыпатай сияқты жоңғар қалмақтарына соққы берген, Жетісуды Қоқан басқыншыларынан азат еткен даңқты батырлар жайында Жамбыл бастаған кейінгі ақындар Сүйінбайдан қалған үлгімен жырлаған. Қырғыз эпосы «Манас», көне түркілік «Көрұғлы», түбі шығыстық «Шахнама», «Тотының тоқсан тарауы» тәрізді ұлы туындыларды жырлап, келесі ұрпаққа жеткізген.

Сүйінбай – ірі ақын.

# АЙТЫСТЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

ақындық түптің-түбінде ұл-қыздарының біріне көшеді дегенді білдіреді.

Ал шыққан тегі жағынан келгенде, жыраудың арғы атасы Күсеп әрі ақын, әрі қобызшы болса, нағашысы Қабан Жетісудағы ақындық, жыраулық өнердің ірі өкілі болған. Сүйінбай бозбала кезінде жеті тәулік бойы сол нағашы атасының кешінен қалмай, ілесіп жүріп, батасын алыпты.

Сөйтіп, Сүйінбай 13-15 жасынан ақындық жолын қуады. Баяғынын неше алуан жыр-дастандарын, аңыз-қиссаларын жиын-тойларда жатқа айтып, өз жанынан да шығарады.

Қаршадайынан қолына домбыра алып, өлеңді өмір серік еткен жыраудың 60 жылдан астам уақыт бойы тоқтаусыз шығарған жыр мұрасы ұшан-теңіз болған. «Соққан желдей, аққан селдей» өрен жүйріктің ақындармен айтыстары, ел қорғаған ерлерге арнаған ұзақ жырлары, арнау, сықақ-сын, мінездеме, қағытпа өлеңдері, өмір туралы толғаныстары өте көп болған. Өкініштісі, соның бәрі біздің дәуірімізге түгел жетпеген. Ал бізге жеткен туындылары Сүйінбайдың табан астында тауып айтатын ғажайып тапқыр, сөздің реті келгенде «ешкімнің атағына бас ұрмайтын, басынан құс асырмайтын» әділ де турашыл, даңғыл да дана ақын болғанын көрсетеді.

Сүйекеңді қазақ өлеңінің ғана емес, қырғыз елінің де атақты ақындары дара талант ретінде бағалаған. XIX ғасырдың екінші жартысында Жетісу жерінің өлең туын аспандатқан Жамбыл бастаған саңлақ таланттары Сүйекеңнің шәкіртіміз деп, ұлы ақынды пір тұтқан. Жамбылдың:

Бата берген Сүйінбай, –
Жырдың тіккен туындай…
Ақындардың ақыны,
Айдын көлдей ақылы, –

деп ардақтауы сондықтан. Елдігіміздің аса маңызды нышаны – тұңғыш теңгемізде Сүйекең бейнесінің болғаны халқының қадірменді ақынына деген зор сүйіспеншілігін танытса керек.

Сүйінбай – XIX ғасырдың 30-жылдарынан 80-жылдардың соңына дейін алпыс жылдан астам іркіліссіз жырлаған, айтыста жеңіліп көрмеген аса көрнекті ақын-жырау. Оның өлеңдері мен айтыстарында XIX ғасырдағы қазақ елінің өмір-тіршілігі, арман-мұраты көрініс тапқан. Жасынан қолында билігі мен байлығы барлардың кедей- кепшікке көрсеткен зорлық-зомбылығын, әлеуметтік әділетсіздікті көріп-біліп өскен ол қара халықтың жоқшысы болды. Би мен бектің, атқа мінерлердің халыққа

Сондықтан оның қозғаған тақырып, көтерген мәселелері де ірі болып келеді. Осыған орай ойы да өрелі, тілі де өрнекті шығады.

Сүйінбай үнемі халыққа арқа сүйеп, ру емес, тайпа емес, тұтас елдің мүддесін жырлайды, ел үшін оттан да, судан да тайынбай, өмірін қиған ерлерді мадақтайды. Елдік, ерлік идеясы – Сүйінбайдың өлеңдері мен жыр-дастандарының, айтыстарының өн бойына тартылған өзекті идеясы.

Ақын шығармаларының бір парасы осы елдік пен ерлік тақырыбына арналған. Солардың ішінде елдік пен ерліктің гимні іспетті «Бөрілі менің байрағым» өлеңінің орны бөлек. Онда бір тайпа елдің ғана емес, бүкіл қазақтың, түпкі тегі – көк бөріге сиынған, оның басын ту етіп, тұлпар мініп, елін қорғаған сонау хұн-түркі заманынан қанына сіңген халық рухы есіп тұр.

Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен, –

деп басталатын өлең шумағынан дүркірей жөнелген қалың қолдың дүбірі, әр сөзінің саф алтындай салмақты мағынасы, елдің намысы, бүтіндігі жолында бір ту астына жиналғандардың бөлінбес бірлігі, бөгеліп, іркіліп көрмеген өршіл өжеттігі атойлап тұр.

Елдік пен ерліктің бірлігі ақынның «Сұраншы батыр», «Жабай батыр» толғаулары мен айтыстарында, соның ішінде қырғыздың атақты ақындары Қатаған, Арыстанбектермен айтыстарында, басқа да өлең, термелерінде кеңінен жырланады.

Сүйінбай шығармашылығында көлемі жағынан арнау өлеңдер қомақты орын алады. Соның ішінде, әсіресе Сүйінбайдың ақындық болмысы мен темпераментін танытатын, идеялық мазмұны мәнді, көркемдік шеберлігі жоғары бір шоғыр туындылары – халқын ойламайтын билеушілерге, «атқа мінерлер» деп аталатындарға арнау түрінде шығарылған өлеңдері. Және солардың бәрі дерлік аттары аталатын төре, болыс, манаптардың сыртынан емес, бетпе-бет отырып, шаршы топтың алдында айтылған жырлар.

Есте болатын бір жайт, мұндай «атқа мінерлердің» отаршылардың шен-шекпеніне сатылып, өз халқын қосыла тонағанын, ұлықтар алдында «қыздан да қылықты» (Дулат жырау) жағымпаздығын, елге келіп «бергенім жоқ бөлімді» (Абай) деп күпінетін екіжүзділігі мен намыссыздығын, т.б. сынау, шенеу, жалпы алғанда, бүкіл XIX ғасыр әдебиетіне тән басты сипат. Ал Сүйінбай сол ғасыр әдебиетінің реалистік, демократиялық, халықтық бағытын тудырған сыншыл да шыншыл ақындар тобының алдыңғы санында болды. Оның ащы сын-сықағын шығыста Барақ, Кеңесбай, Сүлеймен сияқты төрелердің міндерін бетіне басқан Дулат жырау Бабатайұлы, батыста өзін жарты патша санаған Баймағамбет сұлтанды жерге қаратқан Шернияз сықылды от ауызды, орақ тілді ақын-жыраулар туындыларындағы сатирамен салыстыруға болады. Сүйінбайдың олардан бір өзгешелігі – оның қатты сынайтын адамның бірі – Тезек төре Жетісудың билеушісі ғана емес, дарынды ақыны да еді, ал Үмбетәлі – қырғыз елінің қаһарлы ханы болатын.

«Төрелерге» деген өлеңінде Сүйінбай бір өңірдің атқа мінерлерінің нашарға жасаған қиянатын, зорлығын, әділетсіздігін бас-басына тізіп айтып шығады.

Сүйінбай суреттеген Жетісу датқалары мен Дулат жырларындағы Семей төрелерінің бейнелерінің бір-бірінің көшірмесіндей дәлдігі қайран қаларлықтай.

Бұл топқа жататын өлеңдерінің ішінде қазақтан асып, көршілес қырғыз халқының зұлым шонжарларын жер-жебіріне жете сынаған өлеңдері де бар. Соның бірі – «Үмбетәліге» деген арнауы.

Сүйінбай бетпе-бет отырып сынайтын Үмбетәлі – қырғыз елінің ханы. Оның әкесі Орман да хандық құрған. Тарих деректері бойынша, Орман хан өте қатыгез адам болған. Оның жаз – жайлауынан, қыс – қыстауынан дар ағашы алынбаған. Үмбетәлі де әкесі сияқты тежеусіз зорлықшы болады. Орман хан асқан зорлығы, озбырлығы үшін Бұғы руы адамдарының қолынан өлім табады. Үмбетәлі әкесінің өлімі үшін Бұғылардың ауылын түгел шауып алады, бірде бір үйді сау қалдырмайды.

XIX ғасырдың орта шендерінен бастап қазақ айтысының орталығы Жетісуға ауады. Онда айтыс өнері өрен жүйріктерінің қуатты шоғыры қалыптасады. Солардың арасында Сүйінбайдың орны ерекше болған. Ұлы жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов оны «айтыс өнерінің алтын діңгегі» – деп аса жоғары бағалады.

Сүйінбай – ірі айтыс ақыны. Ол ақындығын айтыстан бастап, талантының өлең сайысына бейімділігін байқатады.

Айтыстарының қай-қайсысынан да Сүйінбайдың ақындық мұраты анық көрініп тұрады: қайырымсыз байларды мінеп, есесі кеткен кедейлерді жақтайды. Ел ішінің бірлігін жырлап, әділдікті, батырлықты дәріптейді. Соның арқасында қарсыластарын үнемі жеңіп отырады.

*Құдайберді ҚОЙТАН.*

Қымызхана

# ДЕРТКЕ ДАУА, ЖАНҒА ҚУАТ



Ұлттық тағамдар мен сусындарымыз өзіндік жұмсақтығымен тіл үйірер дәмімен ерекшеленіп тұрады. Ата-бабаларымыз жылқының адамзатқа мінсе көлік, кисе киім, жесе тағам, ішсе сусын бола алатынын көріп, сезіп білгендіктен, оны қолға үйретіп күнделікті өмірде пайдаланған. Қазақтың ұлттық



үлгісімен дайындалған қымыз біздің дәстүрлі сусынымыз болып саналады. Еліміздегі облыс, аудан мен қалаларда қымыз өндірісі қарқынды дамып келеді. Халқымыз қымызды тек емдік сусын ретінде ғана емес, күнделікті қолданылатын тағам ретінде де пайдалана бастады. Ол адамзат ағзасына және денсаулығына өте пайдалы. Тіпті көптеген аурулар мен сырқаттарға ем ретінде қолданады. Сондықтан болар қымызды ата-бабамыз қырық түрлі ауруға ем, дауа деп бекер айтпаған. Оның емдік қасиеттері, әсіресе құрт ауруын емдеу қасиеті жоғары. Оның адам ағзасын әлсірететін созылмалы ауруларға қарсы күресетін артықшылығын да айта кеткен жөн. Қымыз құрамында «С» дәрумені мол, сиыр сүтімен салыстырғанда он есе көп.

Бүгінгі таңда әр шаңырақта өткізілетін қыз ұзату, тұсаукесер, бесік той, шілдехана, сүндет той, тілашар сынды атаулы күндерде ұлттық сусындар мен тағамдарға сұраныс күннен-күнге артып отыр. Өйткені, әр түрлі мақсаттағы тойды арақ-шарапсыз өткізу дәстүрге айналуда. Мұның сыртында өкпе дертіне шалдыққан адамдар саумал ішу арқылы емделуді тиімді санайды. Алайда, дүкен сөрелерінен қымыз, саумал табыла бермейді.

Айналамызда не көп тойхана мен асхана көп. Өкінііштісі жазиралы Іле ауданында Қапшағай бағытының тас жолында орналасқан бір ғана «Қымызхана» орны бар. Бұл екі жүз мыңнан астам халқы бар ілеліктер үшін жеткіліксіз. Жоқтың қасы десек те артық айтқанымыз емес. Алдағы уақытта қымыз, шұбат секілді ұлттық сусындарымыздың құндылығын арттырып, дәріптейтін «Қымызхана», «Шұбатхана» орындары көптеп ашылса, нұр үстіне нұр болар еді. Сәні мен салтанаты келіскен, ұлттық қолөнер бұйымдармен жабдықталған ақ шаңқай киіз үйде отырып, ұлттық тағамдарымызбен қатар қымыз, шұбат ішіп демалғанның өзі қандай керемет.

Кейінгі толқын өскелең ұрпаққа да берер пайдасы мен тағылымы орасан зор. Олар табиғаттың таңғажайыптарымен сусындап, халықтық кәсіпті көзбен көріп, салауатты өмір салтын құрады. Қымыз, шұбат, сүт өнімдерін ата кәсіпке айландырып, іс жүзінде жүзеге асыру мәселесі жайлы қатардағы азаматтан бастап, ел ағаларына дейін ойлануы тиіс. Себебі, сүт өнімдерін өндіруді дамытып, дәріптесек, адал аспен денсаулығымызды жақсартатынымыз сөзсіз.

Жалпы, ауданымыздағы әрі округтер мен елді мекендерде бие байланып, қымызханалардың ашылуы игі дәстүрге айналса халық қуанар еді. Тұрғындар мың да бір дертке шипа қымыздан сусындаса, жастар жағы маусымдық жұмысқа орналасады. Яғни, жастар уақыттарын пайдалы әрі тиімді іске жұмсайды. Осы игі бастаманы ауданымыздағы кәсіпкерлер қолға алып, аудан экономикасымен, отандық өнімнің қарқынды жүзеге асуына біркісідей үлес қосса екен. Кенжелеп қалған келелі істі қолға алар азаматтардың табылатынына да сеніміміз мол. Сондықтан ұлттық сусынымыз қымызымызды жанымызға азық етейік ағайын!

***Ания ӨМІРТАЙ.***

## Сіз білесіз бе?

Бабы мен дәміне, баптап әзірленуіне шеберлігіне, сүттің тегіне, уақыт мезгіліне қарай бірнеше түрге бөлінеді.

- Уыз қымыз - биені алғаш байлағанда ашытылатын қымыз. Мұны бие бау деп те атайды.
- Бал қымыз - әбден пісілген және бойына жылқының не қойдың майы сіңген бапты жұмсақ қымыз. Мұндайа қымыздың түрі әдеттегідей қымыздан гөрі сары әрі қою болады.
- Бесті қымыз - төрттүн асып, ашуы мейлінше жеткен қымыз.
- Дөнен қымыз - үш түнегеннен кейін қотарылатын, мейлінше ашуы жеткен қымыз.
- Жуас қымыз - үстіне саумал құйып жұмсартылған қымыз. Қымыз аса ашып кеткенше ішуге қолайлы болуы үшін осылай істейді.
- Құнан қымыз - екі түнегеннен кейін ғана қотарылатын қымыз. Бұл түнеме қымызға қарағанда күшті болады.
- Қысырақ қымыз - бірінші рет құлындаған биенің сүтінен ашытылатын қымыз. Құлық биенің сүті жылда сауылып жүрген сары қарын мама билердің сүтіне қарағанда әлдеқайда қуатты болады. Оны әдетте «ту қымыз» деп те атайды.
- Қысырдың қымызы - бие ағытылғаннан кейін, жем-шөбі дайын адамдар қысыр биелерді іріктеп алып қалып, қыстай қолда ұстап сауады. Сондықтан да бұл қымызды «қысырдың қымызы» деп атайды.
- Сары қымыз - шөп пісіп, биенің сүті қойылған кезде ашылатын қымыз. Жаздықүнгі қымызға қарағанда қою әрі өңі сары болады.
- Сірге жияр қымыз - бие ағытылар кездегі ең соңғы қымыз. Бие алғаш байланып, уыз қымыз ішерде бір той болса, бие ағытылып, сірге жияр қымызды ішерде тағы бір той болады.
- Түнеме қымыз - ескі қымыздың үстіне саумал құйылып, келесі күні (тағы бір күн асқаннан соң) қотарылатын қымыз.

Благоустройство

# Цветов роскошных лепестки...

***Красные, желтые, фиолетовые...***

***Цветы украшают наш мир не только в праздничные, но и в будние дни. Пройдитесь по Отеген батыру! Сколько замечательных жителей села, вставая рано утром с солнышком, ухаживают за своими палисадничками!***



**Одна из цветочниц – Галина,** проживающая по улице Титова, поделилась:«Это же красиво! Люди идут, желают мне здоровья! Приятно! Сажаю кустарники, чтобы был кислород: карликовую вишню, абрикос, крыжовник, сирень. Весной растения благоухают на всю округу! Делаю это для души. Нашлось несколько соседей, которым небезразлично, что окружает нас вокруг!» О себе Галина поведала немного: 43 года посвятила бухгалтерии, выйдя на пенсию, переехала в блугоустроенный дом, но любовь к природе осталась.

Сегодня, благодаря ей и соседям, отегенбатыровцы могут насладиться неприхотливыми ухоженными территориями, покрашенными скамейками.

Настоящим украшением по улице Абая дом №21 стал палисадник, выращенный Антониной Николаевной Булгаковой. Расплываясь в обаятельной улыбке, рассказала: « В селе Отеген батыр проживаю с 1986 года. Работала в парниковой теплице 16 лет. Как вышла на пенсию, занялась выращиванием цветов. Стараюсь сажать по сезонам, чтобы одни цветы отцветали, другие зацветали. Хотелось бы, чтобы молодые мамочки приучали своих деток к труду и к красоте». От клумб цветов сегодня невозможно отвести глаз. Розы, лилии, герань, гибискус, флоксы, гортензия, ночная красавица, золотые шары, гвоздика, колокольчики, сентябринка... Долго пришлось Антонине Николаевне высаживать, выхаживать цветы. Супруг Сергей Павлович не отказывает в помощи, ведь у него как говорится, «золотые руки!» Результат есть – роскошные розы и другие цветы радуют всех, кто проходит мимо. Вечерком возле клумб собираются дружные соседи: беседуют, вспоминают приятные моменты из жизни. Антонина Николаевна заразила своей любовью к прекрасному многих соседей. Удивили корреспондента газеты чистота и порядок в подъезде. Здесь тоже много цветов, мимо которых без восторга не пройдешь!

Остается лишь выразить пожелания КСК, чтобы они помогли жителям с поливом и ограждениями для палисадников, хотелось бы, чтобы службы за счет целевых помогали улучшить ситуацию по благоустройству.

Благоустройству в районе уделяется большое внимание. Можно привести в пример облагороженный заново парк «Трех поколений», который был улучшен с непосредственным участием акима района К.Медеуова. Мои героини призвали всех жителей района сажать цветники и заниматься благоустройством. Поддержите их и следующими героями репортажа станете Вы.

***Жанар Дауренбекова.***



# К вершинам знаний

[illegible], школа, классы...
За знаниями - дружно!
И с этим не поспоришь,
И это очень нужно!

Как дважды два - четыре!
Охотно, не от скуки
Определенно твердо
Стоит гранит науки.

Вперед! К вершинам знаний,
Полнить учений кладезь
Да еще так учиться,
Чтоб самому на зависть!

***Н.И.Филимонова.***





Той жасау - ой салу

# АСАБАҒА - АЛТЫ ТАЛАП

*Қазақта ең көп айтылатын ақ тілектің бірі - «Тойың тойға ұлассын!». Бірақ, осы бір ғана тілектің аясында қаншама мағына бар. Елің аман болса, жұртың тыныш, ханың тағында, шаңырағың орнында болса, қарның тоқ, уайымың жоқ болса, аты шыққан ұлың болса, аты шықпаған қызың болса, тойламасқа немене? Тойдың көбі халықтың әл-ауқатының жақсылығын білдіреді, әл-ауқат мемлекет мықтылығын, мемлекет мықтылығы басшының іскерлігін білдіреді. Болмаса қарашасы ханын жамандап, ханы басын амандап тентіреп жүрген елді көрмей отырмыз ба? Иә, той көбейсін. Әрбір той жасаушы адам (әсіресе қазақ) сол тойға материалдың барын, рухани жанын салады. «Тойым қызық та көңілді, тыныш та тартымды өтсе екен. Көпшілік риза боп аттанса екен, біреу-міреу ренжіп кетпесе екен» деп, біресе тамағы, біресе табағы, біресе қонағының қабағы үшін қатты алаңдайды. Той өткенше, тамағынан ас өтпей, кірпігі ілінбей уайымдайды.*

Кез-келген тойдың жаны да, сәні де, мәні де, көркі де - Асаба. Асабалық ауыр да жауапты міндет. Ол баланың ойыны, бақсының жыны емес. Той өткенше жауапты асаба өзі де той иесінің уайымын бірге ілегеді. Физикалық жағынан да, психологиялық жағынан да қатты шаршайды. Сондықтан да жақсы асабаның алғаны адал. Асаба ортаға жарқ етіп шыққан сәтте-ақ, жүздеген жандардың көзінің сұғы мен энергиясы бір сәтте бір-ақ адамға бағытталады. Дүниеде көздің; сұғынан ауыр не бар? Өз-өзіне сенімі аздау боп жасқана шыққан асабаны осы бір сәттік ауыр энергияның өзі тоқ соққандай есеңгіретіп тістайды да, ары қарай бір сылбырлық баса береді. Тек рухы берік, жігері мықты, ішкі қуаты мол, өзіне сенімді, дайындығы жақсы, білімді де шешен, бес қаруы бойында, ойнақтап тұрған асаба ғана бұл сәттің соққысын өзіне дарытпай, керісінше, өзі көптің мысын басып, игеріп, билеп-төстеп кетеді. Қысқасы, жақсы асаба жай тойдың өзін ғажапқа айналдырады, жаман асаба жақсы тойдың өзін мазаққа айналдырады. Олай болса қазіргі заман асабасы төмендегідей алты талапқа сай болу керек деп ойлаймын. Олар:

1. Жауаптылық
2. Киім мәдениеті
3. Жүріс-тұрыс мәдениеті
4. Сөйлеу мәдениеті
5. Білімділік
6. Ізденгіштік

*1. Жауаптылық.* Асаба неге жауапты болуы қажет? Ең әуелі уақытқа. Өзі кем дегенде бір сағат бұрын келіп, аппараттар дұрыс жұмыс істеп тұр ма, асабаның немесе музыканттың орны, көпшілікпен арақашықтығы қанша дегендей, бәрін тексеріп алғаны дұрыс. Кейде той залында колонкалар болса, дауыс жаңғырып, асаба сөзі көпшілікке жетпейді. Сонан соң жұрттың дұрыс орналасуын қадағаласын. Ең соңында сценарийін той иесімен бір рет талдап алған жөн. Кей асаба өзі жарты сағат кешігіп келеді де, сөйлеушілер кім? деп, той иесін атүсті іздеп жүргені. Осыдан барып құда десе құдағи шығып, жиен десе, нағашы шығып, шатасады да жатады. Тағы бір жауапкершілік - асаба тойды әбден аяқтап кетуі керек. Той үстінде қалғанын біреуге тапсыра салып, өзі кетуге асығады.

*2. Киім мәдениеті.* Той залы - сахна, ал асаба әртіс секілді. Ендеше өнер адамына қойылатын талап асабаға да ортақ. Ең әуелі жарқ етіп шыға келген асабаның кескін-келбеті мен киім кисінің өзі көпшілік көңілін шайдай ашып, әсерге бөлеу керек. Ер адамдарға әр уақытта түсі мен тігілуі талғамға толатын костюм-шалбар, ашық түсті галстуктар жарасымды. Осындай киім ер адамдарды тұлғалы, сымбатты әрі салауатты етіп көрсетеді. Ал қарны салақтап, джинсы шалбарының тізесі қалталанып, көйлегінің жағасы жайлауынан кетіп асаба шыға келсе, көпшілік көңілі су сепкендей басылары хақ. Ал әйел - асабалар үшін сәнді көйлек, шаш сәні, макияж, ең аяғы туфлиіне дейін жалтырап тұрса жарасымды.

*3. Жүріс-тұрыс мәдениеті.* Асаба өзін сахнада жүргендей сезінуі керек. Ол көпшілікке қызмет көрсетіп тұрғандықтан, оған сахнада нығыздану, менменсу, тәкаппарсу, маңғаздану жат нәрсе. Алшаңдап жүру, талтаңдап жүру, сылбыр қозғалу, қарқылдап күлу, біреулермен сыбырласа беру мәдениетсіздік. Сондай-ақ асабаның, әсіресе әйел асабаның, көпшілікке сыртын беріп еңкейіп тұруы ұнамсыз. Кейде ойын жүргізгенде осыны байқағаны жөн.

*4. Сөйлеу мәдениеті.* Баяғыда Барақ батыр айтқан екен: «Қол бастау қиын емес, артыңда елің болса. Жол бастау қиын емес, қасында иық сүйер теңің болса. Бәрінен де шаршы топта сөз бастау қиын» деп. Міне, осы қиын міндет асабанікі. Ол бір тойдың өзінде бірде отқа түсіп балқыған, бірде суға түсіп суынған болаттай күй кешеді. Асабаның басты қаруы - сөз. Сондықтан да асаба сөйлеу мәнеріне, сөз мағынасына аса сақ болу керек. Сөз мәдениеті дегеніміз не? Кейде бір күлкі үшін ғана болмаса, жергілікті диалектіні, жаргонды, бұралқы сөздерді, орыс, өзбек, моңғол, қарақалпақ, қырғыз тілінен енген кірме сөздерді қолданбау керек. Екіншіден, әй, ой, үһ, түһ, ойбай, әй! деген одағайларды орынсыз пайдаланбаған жөн. Сөйлеу мәдениеті дегенде есіме түседі. Қарақалпақстаннан келген ағайынның тойында асабаның сексендегі кейуанаға «сен» деп сөйлегенін естіп, жағамды ұстадым. Артынан әлгі асабаға арнайы жолықсам:

- Шырағым, оның қалай? - десем,
- Бізде әйелдерге сіз демейміз, - дейді.

Оралман асабалар әрқайсысы өзі келген жақтың сөзін кіргізіп, қазақ тілін бүлдірмей, керісінше, қазақтың тілін таза сөйлеуге, салт-дәстүрін сіңіруге ұмтылсын. Әйтеуір асаба көп сөйлеу керек екен деп, көпіртіп көп сөйлеудің де қажеті шамалы. Сөз мағыналы, сөйлем қисынды, теңеу тартымды болып, айтушы судай төгіліп, тыңдаушы бордай егіліп тұрса, ән мен әзіл, ойын мен күлкі, ақ тілек пен арнау араласа өріліп тұрса, әне, асаба шеберлігі сол. Кей асаба көп сөйлеймін деп, не айтып, не қойып тұрғанын өзі де білмейді. Бір әйел - асаба аналарға сөз беріп тұрып:

Әне, аналар келеді, омырауынан ақ сүттері ағып, - деді; Ақ сүт берген ананың құрметін арттырам деп, албаты лақты. Ақ сүті ағып келе жататын аналар сиыр емес шығар. Осы жерде Абай атамның «Көңілден шыққан көрікті ойдың ауыздан шыға сәні кетеді» дегені еске түседі. Қазіргі кезде Жүргенов атындағы өнер академиясының студенттерінің бәрі асаба. Тұлға-пішіндерінде, сипат-мүсіндерінде, әртістік шеберлігінде, дауыстарында, киім киістерінде мін жоқ. Бәрі судан шыққан сүйіріктей әсем бозбалалар. Бірақ бәрінде бірдей қаптап кеткен бір жаттанды шумақтар. Қай тойға барсаң әлгі сөздерді сыпылдатып тұрғаны. Және мәні, мағынасы, не көркемдігі, не тойға қатысы жоқ сөздер.

Мысалы:

Үйшік - иттің ұясы
Шаш - биттің ұясы

Кеңсе - әкімнің ұясы, - деп суылдата жөнеледі. Ести-ести ел күлуден де қалды. Сонан соң қай жағынан да әлемдік өркениетке теңесеміз деп отырған кезеңде, «шашымыз биттің ұясы» болса жеткен екенбіз. Бұл не деген парықсыздық? Тағы да елді күлдіреміз деп, анайы, әдепсіз, ұятсыз анекдоттарды айту, жел шығарды, сиді тағы басқа сөздерді сол қалпында айту үлкен ұят іс.



Сондай-ақ, тойдағы ойын-билерге де талғаммен қарап, той иесіне ақыл беруге асабаның хақы бар. Тойды бастан-аяқ қа-қа-күлаған күлкіге айналдыру шарт емес. Күлдірем деп оспадарлыққа, даңғойлыққа бару жөнсіз. Талдықорғандық бір асаба той жүргізді. Ойын ойнатпақ болды. Ерлер мен әйелдерді ортаға шақырды.

- Ерлер бір жаққа, әйелдер бір жаққа тұрыңдар, - деді асаба. Сендер - айғырсыңдар, ал аналар (әйелдерді көрсетті) биелер. Мен команда берген кезде, әрқайсысың өз биелеріңе қарай кісінеп шабасыңдар, - деді. Ерлер жағы ыңғайсызданып тосылып қалып еді:

- Немене, айғыр болып көрмеп пе едіңдер, міне, былай! - деп, асаба арқырап шаба жөнелді. Еркектік намысы оянған еркектер де арқырап шаба жөнелсін. Әркім өз «биесіне» арқырап, аяғымен жер тарпып, оқыранып айнала шаппасы бар ма? Ұяты сол, бұл жерде әркімнің «өз биесі» ғана емес, орта жастағы әйелдер де, жас қыздар да бар еді. Олар ойын шартын білмей, «шық, шық» деген соң шыға салған ғой.

Жанына арқырап, кісінеп, жер тарпып әкесіндей адам жетіп келгенде, бейшара қыз алақанымен бетін басып шыңғырып жіберді. Осынша көргенсіздікті көріп отырған қыз анасы асабаны жерден алып, жерге салды. Әп-сәтте у-шу болып, той топалаңға айнала жаздады.

Осы ойында не қызық, не мағына бар, қандай тәрбиелік мән бар? Асаба мәдениетінің, білімінің төмендігі бұл. Тағы бір мысал:

Алматыда беделді бір адамның тойы өтті. Асаба бишілер шығатынын хабарлады. Кенет алдыға кеудесі мен бөксесінде ғана (оның өзі құйрығының арасында тұр) лыпасы бар 1 европалық биші қыздар шықты.

Қандай би екенін білмедік, әйтеуір аяқтар кезінде әлгілер тура төргі столдың қарама-қарсысына келіп, құлай-құлай кетісті. Сол шалқасынан жатқан күйлерінде екі аяқтарын аспанға көтеріп бір сәт жатты. Төрде Бақытжан Момышұлы мен Ғаббас Қабышұлы сияқты зиялы ақсақалдар мен Зейнеп Ахметова сынды аналар отыр еді. Ақсақалдар басын төмен салды, Зейнеп апа ақ жаулығының ұшымен жүзін көлегейледі. Ұялғаннан жерге кірердей болдық. Бұл той иесінің кемшілігі, сөйтсе де асаба да осындай жайды ескеру керек. Кез-келген биді не ойынды ала салмай, талғаммен қарау керек. Би болса, ол расында көпшілікке ұсынуға тати ма, өнер ретінде әсемдік сезімдерін оятып, қуаныш сыйлай ала ма? Біздің қазақы құндылықтарымызға жат емес пе, қазақы намысымызға тиіп тұрған жоқ па? Міне, осы тұрғыдан қарау керек.

*5. Білімділік.* Бұл жерде біз асаба міндетті түрде академия бітірсін деп тұрған жоқпыз. Бірақ адамға сүтпен беріліп, сүйекке сіңетін, тектен берілетін бір білім, білік деген болады. Ол - таза қазақ тілі, шешендігі, салт-дәстүрді білуі, ұлттық құндылықтарға деген құрметі. Осыған қоса асаба тарихты, шежірені, ел, жер, ру шежірелері мен аңыздарды, көне және бүгінгі ақын-жазушылар, жырау-жыршыларды, мақал-мәтелдер мен синонимдерді терең білсе нұр үстіне нұр. Осы орайда айтарымыз, егер асаба өзі ақын болса, бастан аяқ өз өлеңін оқып мезі етеді. Егер әнші болса қайта-қайта ән айта береді. Ең басты мақсат - көпшілікті өзіне тарта білгені жөн. Өзің бір ән айтсаң, келесі әнді көпшіліктен біреу айтсын. Өйткені біреудің тойы асабаның шығармашылық кеші емес. Қандай жағдайда да асаба той залын өзін көрсетудің есебіне айналдырмауы керек. Дайын әншілерді де (қанша ақша төлеп) топырлата беру мақтан болғанымен, қызық емес. Онсыз да жай күндері қай каналды қосса соларды көріп, тыңдайтын халық енді біреудің меншік тойында да сағаттап соларға телміріп жамбасы тесілгенше отыра бергеннің несі қызық? Той деген еркін, қозғалысты, қызулы болса ғана қызық, қозғалысты болу үшін көпшілік көп тартылуы керек. Олардың әнші, биші болуы шарт емес. Кәрі құда күй тартып, құдағи ән салып, құдаша «Қара жорға» билеп, құда бала рэп айтып жатса одан өткен қызық бола ма? Той концерт емес, сондықтан той залын көпшіліктің өзіне беру керек. Сол секілді екі жақтың немесе столдар арасында би жарыс, күй жарыс, ән жарыс, айтыс, мақал-мәтел жарысы өтсе де жаман емес еді.

Асабасы суырып салма ақын тойлардың анағұрлым қызықты өтетінін көріп жүрміз. Мынандай бір қызықты жай есіме түседі. Көкшетауға қыз ұзаттық. Асаба Солтүстік Қазақстанның республикаға танымал ақыны Әлібек деген жас бала екен. Әлібектің сөйлер сөзі лыпылдап ерін ұшынан төгіліп тұрды. Той тізгінін бір сәт босатпай, шат күлкі, әсем ән, өткір әзілдерін араластыра, көпшілікті дүр-дүр қол соқтырып отырды. Әрбір сөйлеуші орнынан тұрып ортаға жеткенше-ақ, сол адамның өзіне ғана қатысты өлең шумақтарымен қолма-қол суырып салып таныстырып тұрды. Найман құдаларға сөз бергенде Әлібек арғын-найманның ежелгі достығын, екі елден де шыққан кешегі-бүгінгі атақты адамдарды атай келіп, аяғын бір өткір әзілмен аяқтады. Ол дүйім елге белгілі «тірінде Найманның қызын алсаң, өлгенде жұмаққа барасың» деген бір әзіл анекдот еді. Яғни, бұл әзілдің түп төркіні «Найман қызымен жұбайлық өмір кешу тозақпен бірдей» дегенді меңзейді. Қанша әзіл болса да қыз беріп отырған Найман құдалар қызарақтасып қалды. Осы сәтте маған сөз берілді.

Әрі шамданып, әрі шабыттанып отырған мен бірден Әлібекке тисе сөйледім:

- Атақ па асабалық ат бүгінде
Желеу ғой жем боларлық
тапшы күнге
Ақанның жұртындағы
асыл кездік,
Қашанғы жатпақшысың қап түбінде, - деп едім, ол да іле түсті:
- Кім білер менен артық тойдың жайын.
Мен бірақ той туралы
сөз қылмайын.
Өзіңізге тартып туған
қызың болса,
Күйеу бала болайын, апатайым.
- Шақырсаңыз
Семейге бармаймын ба.
Қырандай төрт
тарапты шалмаймын ба.
Тірі күнде Найманның
қызын алып,
Өлгеннен соң
жұмаққа бармаймын ба, - деді.

Күтпеген қызыққа тап болған көпшілік дүрілдете қол соғып, «тағы, тағы» дейді. Мен:

- Әй, арғын, жау келгенде
«наймандайсың»
Апаңның бұл сөзіне
шамданбайсың.
Қоянның көжегіндей
бұл түріңмен
Найманның неше қызын алғандайсың? - дедім. Әлібек те бабында екен, іле түсті:
- Неге арғынның намысын жоқтамаймын.
Өзіңізді көңліме тоқ санаймын.
Абылай атам алыпты қырық қатын
Найманнан төрт қыз алмай тоқтамаймын, - дегені. Қап, мына жүгірмекті-ай! «Жауап, жауап» деп Наймандар айғайлайды, көпшілік ынтыға тыңдап отыр. Сонан соң мен тағы да:
Әлібек, шапқан жеріңді
шаңғып кетпе.
Шаңғып кетпе немесе
даңғып кетпе.
Екі қатын алғандар зар илеп жүр,
Төрт қатын аламын деп қаңғып кетпе, - дедім.

Міне, небары 4-5 минутқа ғана созылған осы айтыс көпшілікті дуылдатып кетті. Кейде аяқ астынан туған осындай экспромттар той қызуын үрлеп кетеді.

*6. Ізденгіштік.* Ізденгіштік дегеніміз не? Нағыз асаба өзі ақын, өзі әнші, өзі әртіс, өзі домбырашы болса нұр үстіне нұр. Әр асаба әр той үшін іздену керек. Әр тойдың алдында ол қандай той (түрі), қай ру, қай жердікі, қызметі, ағайын-туыс немесе ел алдындағы еңбегі, құрмет-беделі. Бұл рушылдықты білдірмейді, не той иесін мақтай бер деген сөз емес. Мысалы, Төрткен Кененқызы қыз ұзатып жатса, Қабдеш Жұмаділов келін түсіріп жатса, осы екі адамды көпшілікке талай тойда айтылып жауыр болған әке, ана туралы жаттанды сөзбен таныстыра берсе ұнамды ма?

Жүз тойды бір ғана сценариймен жүргізе беру жалқаулық. Нағыз шығармашылықпен жұмыс жасайтын асаба әр тойға өзіне ғана жарайтын жоспар жасайды. Сол секілді Албанның тойын албанша, Найманның тойын найманша жүргізу керек. Әр рудың өзінде ғана бар ұстанымы, ырымы, дәстүрі болуы да ғажап емес. Мысалы, «қайырлы болсын» деген сөз наймандарда тойда айтылса, албандарда өлімде айтылады. Қорыта келе айтарым, алғаның адал болсын, асаба. Қайталау оқу анасы болғанмен, қайталау асабалық анасы емес.

*Әмина ҚҰРМАНҒАЛИҚЫЗЫ*
*М. Түймебаев ауылы.*

# Шамшырақ

## Жақсылық жасауға асығайық!

<u>Құрметті Іле ауданының тұрғындары!</u>

М.Мақатаев атындағы №13 орта мектебі жаңа 2015 – 2016 оқу жылы қарсаңында, 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Жақсылық жасауға асығайық!» Үндеуімен «Мектепке жол» атты республикалық акция өткізілетінін хабарлайды.

Акцияның мақсаты: аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан балалардың, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мектепке дайындығына көмек көрсету, киім-кешек, аяқ-киім, кеңсе тауарлары және тағы басқа заттардың жоқтығынан мектепке бара алмай қалуының алдын-алу болып табылады. Мектеп жасындағы барлық балалар 1 қыркүйекте мектеп парталарына отырулары тиіс.

Осыған байланысты, М.Мақатаев атындағы №13 орта мектебі ауданның барлық тұрғындарын, кәсіпкерлер мен жаны жомарт азаматтарды осы акцияға қатысып, демеушілік көрсетуге шақырады.

Қайырымдылық көмек нақты отбасыға, балаға, мектепке беріледі.

**Мына мекен-жайға хабарласыңыздар: Өтеген батыр кенті, Әжімұратов көшесі 12. Тел: 2-12-62.**

***С.КҮЗЕМБЕКОВА,***
***М.Мақатаев атындағы***
***№13 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.***




## Игі іске ұмтылайық

Біздің мектебімізде «Мектепке жол» атты республикалық қайырымдылық акциясы аясында дәстүрге айналған «Жақсылық жасауға асығайық!» атты үндеуімен әлеуметтік жағынан аз қамтылған, жетім, көпбалалы отбасылардан шыққан және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға көмек көрсету шарасы басталып кетті.

Игі істі іс жүзінде атқаруға мектеп директоры Ғалия Нәдірбекованың ұйытқы болуымен акцияға кәсіпкерлер, жомарт азаматтар тартылып, қайырымдылық көрсетуге ұсыныстар жасалды. Әрине, мұндай көмек әр азаматтың елім, жерім деген шынайы көңілі мен жүрегінен шығуы тиіс. Оған әр адам үлкен патриоттық сезіммен үлес қосуы керек. Сонда біз өз тарапымыздан акцияның нәтижелі өтуіне, бір баланың болсын оқумен қамтылуына жәрдемдескен боламыз. Акция барысында іс-шараға арнайы бекітілген мектеп мұғалімдері рейд ұйымдастырып, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды анықтауға ерекше назар аударды. Осындай қайырымдылықты қолымен емес, жүрегімен жасаған мейірімді жандарға алғысымыз шексіз. Көмекке зәру балғындар үшін де мектепке барар жол алыстамай, жақындай түседі деп сенеміз.

***Н.ТОЛКИМБЕКОВА,***
***бастауыш сынып мұғалімі.***
***М.Мақатаев атындағы***
***№13 орта мектеп.***

## Өтеген батыр кентінің тұрғындарына, кәсіпкерлерге, меценаттарға, Қазақстанның болашақ ұрпағына бейжай емес адамдарға НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!!!

Оқу жылының басталуына дайындық және 1 қыркүйекке келуге жағдайы жоқ оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында 2015 жылдың 1 тамызынан 30 қыркүйек аралығында «Балаларға бірге көмек берейік!» ұранымен «Мектепке жол» атты акциясы өтуде. Акция барысында Өтеген батыр кентінің №7 орта мектеп ұжымы жағдайы нашар, сабақтан тыс серуендеп жүрген оқушылар жайлы рейд жүргізеді.

Материалдық көмекті қажет ететін оқушылар жайлы тізім жазылады. Осыған орай жетім, аз қамтылған отбасынан келетін оқушыларға (мектеп формасы, оқу-құралдарымен) көмек беретін демеушілерді қуана қарсы аламыз.

Біз, №7 орта мектеп ұжымы, барлық қайырымды адамдарға жағдайы төмен отбасыларына материалдық көмек көрсетулеріңізді сұраймыз.

**Мекен-жайымыз:**
**Титов көшесі №16.**
**Сенім телефондарымыз:**
**2-01-48; 2-16-83.**
**№7 орта мектеп ұжымы.**

## НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

*Еліміз күн сайын қарыштап дамып келеді. Елбасының «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруда ел бірлігі және оның қайнар бұлағы – жастар мәселесі бірінші орында тұр. Қоғамның әр мүшесі «Мен елден не аламын?» деп емес, «Мен қоғамға не беремін?» деп еңбек еткенде ғана, еңбегіміз табысты болары сөзсіз. Жолдауда айтылғандай, назардан тыс қалған бала болмауы тиіс. Барлығы да мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде 100 пайыз қамтылуы керек. Ендеше, барша қазақстандықтар осы игі істі жүзеге асыруда аянбай еңбек етеді деп ойлаймын. Осы орайда дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» акциясының орны ерекше. Қайырымдылық қолын созу - әр азамат үшін адами құндылық, парыз. Бұл қайырымдылық акциясына біздің ауылымыздың азаматтары жыл сайын түгелдей атсалысып, әр оқу жылын табысты аяқтап келеді. Жаны жайсаң, жүрегі жомарт азаматтарға айтар алғысымыз шексіз.*

*Акция аясында «Дос – досқа», «Көрші - көршіге», «Ұстаз - шәкіртке» сынды игілікті қадамдар жасалынып, ауылдың барлық оқушылары мектепке дайын келеді. Қайырымдылық шарасын ұйымдастыруда мектеп мұғалімдерінің еңбегі орасан зор екенін атап өткеніміз жөн.*

***Бекзат САДЫҚОВА,***
***Қоянқұс ауылы №1 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.***




## ЛИШЬ БЫ ЛЕТО НЕ КОНЧАЛОСЬ!

Лето - это самое любимое время года для детей: наступают долгожданные каникулы. Летом мы радуемся солнцу и теплым денькам, отправляемся в далекие путешествия и походы. Вот и мы с моим любимым классом решили сходить в поход именно в период летних каникул. Прежде всего, это польза для здоровья, а также отличный источник для удовольствий. Походы с детьми нужны для тесного общения со своими сверстниками, для того, чтобы разделять с ними свой восторг от красоты родной природы и вместе очаровываться окружающим нас миром. Вместе с детьми, а также с их родителями, мы отправились исследовать живописные места нашего родного края. Это была интересная и длительная прогулка по окрестностям нашего села. Красивые деревья, цветущие цветы, пение птиц - все это уносило нас вдаль от угнетающей ежедневной суеты. Особенно прекрасна летом природа! Мы бесконечно гуляли по зеленым лугам, любовались на разнообразие дикорастущих цветов и плели красивые венки из одуванчиков. С ребятами мы нашли очень хорошее место под солнцем, около речки Большая Алмаатинка. Мы поднимались на высокие холмы, любовались красотой любимого края, слушали пение птиц. Кто-то просто тихо сидел на берегу речки и наблюдал, как над самой головой летают бессграшные стрекозы и бабочки, а в воде плавают мальки.

Родители разжигали костёр, накрывали дастархан. Очень вкусный был обед, который готовили наши мамы. Наша первая трапеза, да на свежем воздухе, казалась невероятно вкусной! С особой теплотой вспоминаю совместные подвижные игры, всем было хорошо и весело.

Во время похода мы увидели много красивых мест. Время пролетело очень быстро, и вскоре нам нужно было возвращаться домой. Никто не хотел уходить. Но возвращаясь домой, у каждого появилась маленькая мечта: «Чтобы наше лето, никогда не кончалось!» Это было незабываемое наше летнее приключение.

***Л.МАКАТЧАЕВА,***
***ГКУ СШ №26 с.Нургиса Тлендиева, учитель начальных классов.***

## Шаттыққа бөленді



Биылғы жылы жаз мезгілінің жайдары жайма шуақ күндерінде мектеп жанынан құрылған «Достық» жазғы сауықтыру алаңы IV-ауысымда жұмыс атқарды. Жазғы сауықтыру алаң жұмыстарына аз қамтылған отбасы, көпбалалы, толық емес отбасы балалары, қорғаншысы бар оқушылар мен үздік оқитын, әрі белсенді оқушылар түрлі іс-шараларға қатыстырылды. Аланда ата-ана тарапынан және жалпы білім беру қоры есебінен 150 оқушы ыстық тамақпен қамтылса, 15 оқушы қала сыртындағы лагерьде демалуда. Мектепшілік жазғы «Достық» алаңында «Балдостық», «Непоседы», «Қыран» топтарының безендіру жұмыстары талапқа сай орындалды. «Жаз-2015» кезеңінде ән-күй үйірмесі жетекшісі С.Есімжан, кітапханашы Ж.Нахупбекова оқушыларды түрлі іс-шаралармен баули білсе, дене шынықтыру, музыка жетекшілері, мектеп психологтары да топтармен ерекше жұмыстар атқарды. Мектебіміздің мейірбикесі Г. Қарсыбаеваның өткізген сауықтыру шаралары балалардың қызығушылығын оятып, оқушылар алаңға асқан ықыласпен келіп жүрді. Оқушыларды барынша алаңға тартып, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, қызығушылығын арттыра білген алаңның III-ауысым топтарының жұмысын ерекше айта кеткен жөн.

Алаң басшысы Жазира Айдапкелованың ұйымдастыруымен, Ш.Жексенова, Г.Қарсыбаева, А.Байсейіт, І.Идиришова мен Қ.Нұрмұхамедова сынды тәлімгерлердің шеберлігі нәтижесінде оқушылардың бос уақыты есте қаларлықтай өтті.

Мектебіміздің көгалдандыру жұмысы барысында 7 «б» сынып жетекшісі К.Жунусова, 5 «а» сыныбының жетекшісі А.Кикаева, 6 «ә» сынып жетекшісі А.Жанбабаевалар өз сыныптарымен бірлесе жүйелі жұмыстар атқарды.

Биылғы жылы жазғы алаңға 1-10 сыныптардан барлығы 590 оқушы қамтылды. Жазғы демалыс шәкірттер үшін жаңға жайлы, жүрекке жылы, көңілге қонымды өтті десек артық айтқандық емес.

***Н.ДЕКЕМБАЕВА,***
***Қосөзен ауылы №14 орта мектептің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.***

## МАҒАНАЛЫ ДЕМАЛЫС

*Жаз болса болды қаужайтын тақырыбымыздың бірі лагерь екені көзі қарақты оқырманға аян. Жазғы үлкен үзіліс ұзақ оқу жылынан кейін мектеп оқушыларының денсаулығын бекіту, денесін шынықтыруы, күш жинауы үшін беріледі. Бұл олардың рухани баю, өз күштерін тексеру және қоршаған ортаны игеру уақыты. Оқу жылы аяқталысымен мектеп оқушылары жазғы лагерьге баруға асығады. Жайраңдаған жаздың қуаныш пен шаттыққа толы ұмытылмас естеліктері балалардың осындай жазғы демалыс лагерінен бастау алары сөзсіз. Балалардың белсенді демалысы әдеттегідей сауықтыру лагерлерінде, шипажайларда, мектеп қарамағындағы сауықтыру лагерлерінде өтеді. Осы мақсатта мектебімізде балалар мен жасөспірімдердің демалыс уақытында толық демалуларына, танып-білуіне, шығармашылық және қоғамшылдық белсенділіктерін арттыруға, балалардың өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамытуға, ғылыми-техникалық, көркем шығармашылық, спорт, саяхат пен өлкетану және басқа да танымдық қызмет түрлеріндегі білім мен іскерліктерін арттыруға жағдай жасау мақсатында 1-маусымда жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастырды.*

*Жазғы лагерде балалар мен жасөспірімдерді тынықтыру, қызықтыру, денсаулықтарын нығайту, білімдерін жетілдіру үшін әр түрлі бағдарламалар жасалды. Лагерь барысында балалар патриоттық, спорттық, танымдық бағытта тәрбие алды.*

*Оқушылар өз уақыттарының қызықты өткендерін айтып, ата-аналары да ризашылықтарын білдірді.*

***Ж.АБДИБАЕВА,***
***№4 орта мектеп. Жәпек батыр ауылы.***

СПОРТ

Қазақ хандығының 550 жылдығына



# АЛУАН-АЛУАН ЖҮЙРІК БАР

2015 жылы Керей мен Жәнібек Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа орналасып, қазақтың туын көкке көтергеніне 550 жыл толады. Осыған орай аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің спорт залында ерлер мен әйелдер арасында тоғызқұмалақ пен дойбыдан аудандық жарыс өткізілді. Жарысқа 7 команда қатысты.

Атап айтсақ, Межуреченск, Байсерке, КазЦИК, Қараой, Күрті, Ащыбұлақ, Өтеген батыр ауылдық округ командалары. Жарысымыздың басты мақсаты: тоғызқұмалақ пен дойбы ойынын аудан командалары арасында дамытып жетілдіру және ойыншылардың спорт шеберлігін арттырып, салауатты өмір салтын насихаттау. Сонымен қатар облыстық жарыстарға іріктеу.



Жарысымыздың командалық есеп қорытындысы бойынша І-орын Междуреченск ауылдық округ командасы, ІІ-орын Байсерке ауылдық округ командасы, ІІІ-орын КазЦИК ауылдық округ командасы ие болды. Жекелей есеп бойынша атап айтсақ, тоғызқұмалақтан ерлер арасында І-орынды Ерболат Қылышбаев, ІІ-орынды Әсет Ташкенбаев еншілесе, ІІІ-орынды Асхат Садвакасов қанжығасына байлады. Жүлделі орынға қол жеткізген командалар мақтау қағаздары және кубоктармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

*Қ. ОРТЫБАЕВ,*
*аудандық дене шынықтыру және спорт бөлім басшысы.*



# ШЫНЫҚСАҢ ШЫМЫР БОЛАСЫҢ

Қазіргі таңда салауатты өмір салтына жан-жақты көңіл бөлінуде. Мектеп оқушыларына осы бағытта әр түрлі іс-шаралар жүргізілуде.

Жазғы демалысқа шыққан бастауыш сынып оқушыларына мектеп жанындаға демалыс лагерінде де салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары жеткілікті. Атап айтсақ, доппен, арқанмен және әр түрлі гір тастармен өткен жарыстар өз алдына қызық. Спорттық ойындармен қатар ұлттық ойындардың да рөлі зор. Сондай-ақ, асық ату, аударыспақ, ақ сүйек, алтыбақан ойындарымен қатар «Қара жорға» әуенінің ырғағына орындалатын жаттығулар оқушыларға үлкен қуаныш сыйлайды. Демалыс легері уақытында оқушылар бір күндік жорыққа шығады. Жас ерекшелігіне қарай жорықтар өзен бойына, орман алқабына, тау баурайына және қаланың көрікті жерлеріне жасалынады. Табиғат аясына жасалынған жорықтардан оқушылардың алған әсерлері өте үлкен. Лагерьдегі оқушылар күнделікті ертеңгілік жаттығуларды жасауды дәстүрге айналдырған. Денсаулық маңызы жөнінде мектеп медбикесі Светлана Бейсембаева үнемі үгіт-насихат жұмысын жүргізіп отырады. Жалпы шынығу нәтижелерін оқушылар жорық, саяхат, әр түрлі жарыстарды сезінуде. Алдағы уақытта салауатты өмір салтына байланысты игі істер жалғасын таба бермек.

*Б.БЕКІШОВ,*
*№22 орта мектеп мұғалімі.*

УЗПП *информирует*

# ВНУТРИБОЛЬНИЧНАЯ ИНФЕКЦИЯ

Внутрибольничные инфекции (ВБИ) – *это инфекционные заболевания, полученные больными в лечебных учреждениях*. Современные внутрибольничные инфекции в хирургических клиниках вызываются различными микроорганизмами. Клинический проявляются в основном синдромами нагноений и септических поражений. Наиболее часто возбудителями внутрибольничных инфекций являются резистентные к антибиотикам штаммы кишечной палочки, золотистого стафилококка, синегнойной палочки, протея, кишечной палочки, клебсиелл, грибов кандида.

Источниками внутрибольничной инфекции в хирургических стационарах являются больные острыми и хроническими формами гнойносептических заболеваний и бессимптомные носители патогенных микроорганизмов среди больных и персонала. В зависимости от локализации возбудителя его выделение из организма больного или носителя происходит через различные органы и ткани – дыхательные пути, желудочно-кишечный тракт, мочеполовой тракт.

Распространение возбудителей внутрибольничной инфекции происходит двумя путями: воздушно-капельным и контактным. Основными факторами передачи являются воздух, руки, многочисленные объекты внешней среды (белье, перевязочный материал, инструментарий, аппаратура и т. Д.).

Условно можно выделить три вида ВБИ:

- у пациентов, инфицированных в стационарах.
- у пациентов, инфицированных при получении поликлинической помощи.
- у медицинских работников, заразившихся при оказании медицинской помощи больным в стационарах и поликлиниках.

Профилактика ВБИ

В ЛПУ независимо от профиля должны выполняться три важнейших требования:

*- сведение к минимуму возможности заноса инфекции*

*- исключение внутригоспитальных заражений*

*- исключение выноса инфекции за пределы лечебного учреждения.*

Следует подчеркнуть особую значимость этого направления деятельности персонала в отношении профилактики ВБИ, поскольку в ряде случаев (гнойно-септические инфекции, внутрибольничные кишечные инфекции, в т.ч. сальмонеллез) дезинфекция является практически единственным способом снижения заболеваемости в стационаре. Необходимо также отметить, что все госпитальные штаммы возбудителей ВБИ наряду с практически полной антибиотикорезистентностью обладают значительной устойчивостью к воздействию внешних факторов, в т.ч. и дезинфектантам. Так, например, возбудитель внутрибольничного сальмонеллеза нечувствителен к традиционно рекомендуемым для текущей дезинфекции концентрациям рабочих растворов хлорсодержащих дезинфектантов (0,5-1%), а погибает при воздействии лишь не менее 3% раствора хлорсодержащих дезинфектантов и 5% перекиси водорода с экспозицией не менее 30 минут. Незнание медицинским персоналом данных научных фактов и использование для очагов дезинфекции растворов с более низкой концентрацией активно действующего вещества ведет к появлению в стационарах еще более устойчивых к внешним воздействиям госпитальных штаммов, искусственно селектируемых сотрудниками ЛПУ.

Сознательное отношение и тщательное выполнение медицинским персоналом требований противоэпидемического режима предотвратит профессиональную заболеваемость сотрудников, что позволит в значительной степени снизить риск заболевания ВБИ и сохранить здоровье пациентам.

***Т. МОЛДАХМЕТОВ,***
***руководитель Илийского районного УЗПП.***
***З.ТУРЛИЕВ,***
***главный специалист.***

# ВНИМАНИЕ!!! Месячник профилактики кишечных инфекций и пищевых отравлений



Илийское районное управление по защите прав потребителей сообщает, за 7 месяцев текущего года в районе зарегистрировано 35 случаев отравлений пищевыми продуктами, из них дети до 14 лет - 14 случаев, дети до 2-х лет - 8 случаев. **В связи с этим по Илийскому району в период июль – август проводится месячник по предупреждению и профилактики острых кишечных отравлений.**

С наступлением летнего сезона значительно возрастает риск возникновения острых кишечных инфекций, пищевых отравлений, если не принимать соответствующих мер профилактики. Особую опасность в риске возникновения острых кишечных инфекций, пищевых отравлений, представляет несанкционированная уличная торговля-стихийно образованные частными лицами торговые места, с использованием подручных предметов (ящиков, коробок). Несанкционированная торговля продуктами питания, в том числе скоропортящимися, домашнего приготовления (молочные продукты, консервы, пирожные, пирожки, жареные семечки, орешки, рыба вяленая и т.д.) потенциально опасна возможностью пищевых отравлений микробной и немикробной природы, инфекционными заболеваниями (дизентерия, сальмонеллез, туберкулез, пищевые токсикоинфекции, ботулизм). Неизвестны условия приготовления продуктов, ветеринарное благополучие продуктов животного происхождения (мясо, молоко, яйца), состояние здоровья продавцов, которые могут быть бактерионосителями самых разных инфекций. Возбудители кишечных инфекций очень быстро размножаются в молочных и мясных продуктах. Особенно опасно некипяченое молоко и сделанные из него молочные продукты - творог, простокваша, сметана. Возбудители стафилококковой токсикоинфекции прекрасно себя чувствуют в кондитерских изделиях с кремом, готовых блюдах-салатах, молочных продуктах. Возбудители сальмонеллеза попадают к человеку чаще всего через загрязненные, недостаточно термически обработанные мясные продукты, изделия из мяса птицы, яиц. Кроме абсолютного отказа от приобретения продуктов питания в местах несанкционированной торговли, скоропортящихся продуктов, реализуемых без холодильного оборудования, в качестве профилактических мер следует напомнить следующее:

· Не приобретайте пищевые продукты, в первую очередь молочные, кондитерские, мясоколбасные изделия домашнего приготовления, в случайных местах и у случайных лиц;

· Необходимо всегда интересоваться сроком реализации пищевых продуктов и не покупать их, если этот срок уже прошел или если они продаются при отсутствии надлежащих условий хранения;

· Строго соблюдать сроки и условия хранения скоропортящихся продуктов, в том числе приготовленных дома, не употреблять их, если они имеют признаки порчи;

· ягоды, фрукты, овощи, арбузы, дыни употреблять только после предварительного тщательного мытья;

· Не пить воду из случайных источников и негарантированного качества;

· Соблюдать простые правила личной гигиены - мыть руки перед едой и после посещения туалета.

Учитывая, что острыми кишечными инфекциями часто болеют дети до двух лет, матерям необходимо строго соблюдать правила кормления, прикорма и личной гигиены. Необходимо регулярно мыть детям руки, а также вымыть с мылом принесенные с улицы игрушки. Не забывайте, что болезнь легче предупредить, чем их лечить.

***Т. МОЛДАХМЕТОВ, руководитель Илийского районного УЗПП.***
***З.ТУРЛИЕВ, главный специалист.***

● Дәрігер кеңесі

# Болашақ анаға бала емізу кеңесі

Бала емізу адамзаттың ежелгі заманнан бері ұстанып келе жатқан және денсаулыққа өте пайдалы дәстүрлерінің бірі. Қазақтың «Ана сүті - бал» дегеніндей, адам өмірінің алғашқы 6 айы ішінде ана сүтіне тең келер ешбір ас жоқ. Себебі:

· Оның құрамында нәрестенің дені сау әрі күшті болып өсуіне қажетті нәрлі заттардың барлығы бар.

· Ана сүті оңай қорытылады.

· Сүтте алғашқы айларда нәрестені қабынулардан (инфекциялардан) сақтайтын иммундық заттар бар.

· Ана сүті әрқашан таза.

· Ол әрдайым керекті жылылықта.

· Ол тегін.

· Ол аллергия туғызбайды.

· Емізгенде ана мен бала ерекше жақындық пен қауіпсіздікті сезінеді.

Баланы тек емшекпен қоректендіру ананы тым тез қайтадан екіқабат болудан сақтай алады. Бірақ бұл әйелді жүктіліктен толығымен сақтамайды, әсіресе баланы түнде емізуді тоқтатқан жағдайда. Сондықтан егер дереу қайтадан екіқабат болғыңыз келмесе, жүктіліктен сақтанудың басқа да шараларын қолданған жөн.

**Қалай емізу керек.** Күндіз болсын, түнде болсын, балаңызды қарны ашып емшек сұраған сайын емізетін болыңыз. Жас нәрестелер, әсіресе алғашқы айларда, әр 1-3 сағат сайын емгісі келіп тұрады. Нәресте қашан және қанша уақыт емгісі келсе, сонша емізіңіз. Ол емген сайын емшектегі сүт бітіп қалмайды, қайта түзіле береді. Алғашқы айлардан кейін, балаңыздың біртіндеп әр 3-4 сағат сайын емуге көшетінін байқайсыз. Нәрестені ең кем дегенде төрт айға, егер мүмкін болса, алты айға дейін тек ана сүтімен ғана емізген жөн. Бұрынырақ айтылғандай, бала емізуді үйрену кейде оңай бола бермейді. Бұл үшін төзім мен жаттығу керек. Дәрігерлік қызметкерлерден немесе осы жағынан тәжірибесі мол досыңыз не туысыңыздан көмек сұраудан тартынбаңыз. Ана сүтінің құрамы емізген кезде өзгеріп отырады. Алдымен шыққан сүттен гөрі бірнеше минуттан кейін шыға бастайтын сүт майлырақ болады. Нәресте осы майға өте мұқтаж. Сондықтан емізгенде ол алдымен бір емшекті еміп босатсын. Тоймаса, екінші емшекті ұсыныңыз. Келесі рет емізгенде, балаға соңғы рет еміп тауыспаған немесе (егер тауысқан болса) ембеген емшекті беріңіз. Осылайша сіз емшектің екеуін де жүйелі түрде босатып отырасыз.

**Баланы қалай ұстау керек.** Баланы емізгенде ол қиналмай еміп, жұта алатындай ұстаңыз. Өзіңіз де ыңғайланып отырыңыз немесе жатыңыз. Сонда сүт жақсы шығады. Баланың басын қолыңызға қойыңыз. Оның басы мен денесі түзу болсын.

Баланы емшекке жақындатып, ұшымен оның үстіңгі ернін қытықтаңыз. Ол аузын кеңірек ашқанша күте тұрыңыз. Содан соң емшекті салыңыз. Емшектің ұшы ғана емес, айналасындағы қоңыр дөңгелектің біраз бөлігі де оның аузына кіруі керек. Бала емізу өзіңізден де, сәбиіңізден де табандылық пен төзімділікті талап етеді. Оған үйрену үшін сізге де, нәрестеңізге де уақыт және жаттығу керек. Бұл өзінен-өзі бола қалмайды. Қажымаңыз, табысқа жетесіз! Ақыр соңында емізуді үйренбей кететіндер кемде-кем.

**Емшек күтімі.** Сүт шыға бастағанда (екінші, үшінші күндері) емшек көбіне қатайып, іседі. Бала емшекті дұрыс еме алмай, оның ұшы жарылып немесе ауыра бастауы ықтимал. Сол кезде азырақ емізгіңіз келуі мүмкін, бірақ олай етсеңіз сүт те азырақ бөлінетін болады.

Сіздің былай істегеніңіз жөн:

· Мүмкіндігінше емізуді бала туғаннан кейінгі алғашқы сағаттан бастаған дұрыс.

· Балаңызды дұрыс ұстаңыз (жоғарыдағы суреттерді қара).

· Егер емшегіңіз қатайып, нәрестеңіз жақсы еме алмай тұрса, аздап сауып тастаңыз, жұмсарған емшек енді балаға сорғызуға болады.

Емізіп болғаннан кейін азғантай емшек сүтін емшек ұшына, оның айналасына жағыңыз, сосын шикі қырыққабат (капуста) жапырақтарын сол жерлерге басыңыз.

**Емшектің қабынуы.** Егер емшектің ісігі басылмаса, бұның себебі мынау: сүт емшектің ұшындағы сүт шығаратын жолдардың бірі немесе бірнешеуі арқылы өте алмай жатыр. Емшегіңіздің бір бөлігі ісіп, қатайып ауыра бастайды, жиі қызу көтеріледі (37,5°- тан жоғары мұндай қабыну мастит деп те аталады.) Сіздің былай істегеніңіз жөн:

· Емізер алдында қабынған емшекке қайнаған жылы суға малынған таза шүберек басыңыз.

· Әсіресе ауырып тұрған емшекті емізуді жалғастыра беру өте маңызды. Оның сүті балаға еш зиянды емес.

· Бала еміп жатқан кезде емшектің ісініп қатайған жерін ұшына қарай жайлап сипалап, уқалаңыз.

· Сүт емшектің барлық бөліктерінен де шыға алу үшін әр түрлі қалыпта отырып не жатып емізетін болыңыз.

· Егер мүлдем емізе алмасаңыз, сүтті қолмен сығып шығарыңыз немесе «жылы бөтелке» әдісін қолданыңыз. (Төмендегі нұсқауды қараңыз).

· Киіміңіз кең болсын, мүмкіндігінше көбірек демалыңыз.

· Емшектің қабынуы көп жағдайда бір тәулікке созылады. Егер қызуыңыз көтеріліп (37,5° не одан жоғары), ол бір тәуліктен ұзаққа созылса, дәрігермен байланысыңыз.

**«Жылы бөтелке» әдісі** Егер емшек сүтіңіз тым мол болса не емшегіңіз қатты ауырса, осы әдіс емшектегі артық сүттен арылуға көмектесе алады. Бұл белгілер босанғаннан кейін бірден немесе емшек ұшында сызат пайда болғанда, сондай-ақ емшегіңіз қабынып ауырғанда білінеді.

1. Аузы кең (3–4 см), қайнаған сумен жақсылап тазартылған



бөтелкеге ыстық су құйып жылытыңыз. Бөтелкенің жарылып қалмауы үшін оған суды біртіндеп сыздықтатып құйған жөн. Бірнеше минуттан кейін ішіндегі суды төгіп тастаңыз.

2. Бөтелкенің аузы мен мойнын қайнап, суыған сумен салқындатыңыз.

3. Емшек ұшын бөтелке аузына ішіне ауа кірместей етіп тығыздап кіргізіңіз. Осылай бірнеше минут ұстап тұрыңыз. Салқындай түскен бөтелке емшек сүтін біртіндеп сорып шығарады.

4. Сүт шығуын тоқтатқаннан кейін, емшек ұшын бөтелке аузынан саусақпен жайлап басып шығарып алыңыз.

5. Егер екінші емшегіңіз де ауырса, онымен де солай істеңіз. Енді балаңызды кедергісіз емізе аласыз.

Кейде бөбектің емуін оңайлату үшін емшек сүтінің біразын осылай сауып тастау керек болады. Мұндай жағдайда сауылған сүтті сақтау қажет болмайды.

**Бала емізіп жүрген кездегі тамақтану** - босанудан сауығып, нәрестені қамқорлап, басқа да қажетті істерді орындай алу үшін ішкен тамағыңыз жақсы және әр түрлі болуы керек («Тамақтану» бөлімін де қара). Басында көбірек, күніне 3-5 л, сұйықтық ішіңіз, кейін өз қажетіңізге қарай болсын. Осының ең аз дегенде 2 л. сүт тағамдары болғаны абзал (сүт, айран, сүзбе, йогурт тағы басқа).

Ана не ішіп-жесе, сол баласына да сүтпен барады. Ересек адамдардай, нәрестелер де кейбір тағамдарды жақсы қорытпайды. Мысалы, капуста немесе ащы дәмдеуіш қосылған тамақ нәрестенің ішін кептіріп ауыртуы мүмкін. Тамақтың басқа түрлері (мысалы, апельсин, жидектер) кейбір сәбилердің денесін бөрттіріп жібереді. Әр бала тағамды әрқалай қабылдайды. Сондықтан не жеп жүргеніңізге әрі оның балаңызға қалай әсер еткеніне әрдайым көңіл аударатын болыңыз.

**Ерекше жағдайлар.** Кейбір жағдайларда емшек емізу қиын болғанмен, мүмкін болады: мысалы, егер баланың қасқыртаңдай, қоянжырық, Даун синдромы т.с.с. ерекшеліктері бар болса немесе сәби мерзімінен бұрын туған не ауырып жатқан болса. Нәресте уақытша еме алмайтын жағдайда сүтті қолмен сауып алып, балаға шұңғыл ыдыспен (кесемен) не қасықпен беруге болады. Қолдан тамақтандыруды емшек емізу мүлдем мүмкін болмаған жағдайда ғана (мысалы, егер анасы ракпен ауырып, содан дәрі-дәрмек қабылдап жатса, емшегіне операция жасалған немесе емшегі жараланған болса) қолдану керек.

Олар туралы қосымша мәлімет алмақ болған қыз-келіншектердің тұрғылықты жердегі денсаулық сақтау мекемелеріне барғаны жөн. Бізге жеткен мынадай хабарлар бәрімізге зор жігер беруде: сан мыңдаған қыз-келіншектер осы шығарманың бұған дейінгі басылымдары арқылы жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезең туралы өте пайдалы мағлұматтар алып, сол мерзімдегі жағдайларын тереңірек түсіне алды.

***К.БЕРЕСТЕМОВА, педиатр.***
***А.ЖОЛАМАНОВА, СӨСҚ мейірбекесі.***

## Назар аударыңыздар!!! Назар аударыңыздар!!! Назар аударыңыздар!!!

**Білім беру гранты бойынша тегін білім алуға әлі де мүмкіндіктер бар**

**АЛМАТЫ ИНДУСТРИАЛДЫ КОЛЛЕДЖ ТӨМЕНДЕГІ МАМАНДЫҚТАРДАН ҚАБЫЛДАУ ЖҮРГІЗЕДІ!**

| | |
|---|---|
| 0107000 | Технология |
| 0506000 | Шаштараз өнері дәне сәндік косметика |
| 0104000 | Кәсіптік оқыту |
| 1201000 | Автомобиль көлігіне техникалық қызмет |
| 1414000 | Жиһаз өндірісі |
| 1202000 | Тасымалдауды ұйымдастыру және көліктегі қозғалысты басқару |
| 0911000 | Электрлік және электр механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу |
| 0601000 | Стандарттау, метрология және сертификаттау |
| 1014000 | Машина құрылысының технологиясы |
| 0201000 | Құқықтану |
| 1304000 | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру |
| 0518000 | Есеп және аудит |

**КОЛЛЕДЖДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТАР БАР**
**ҚҰЖАТТАРДЫ ТАПСЫРҒАНДА ҰБТ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ ТАЛАП ЕТІЛМЕЙДІ.**

**КОЛЛЕДЖГЕ ТҮСУГЕ ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:**

- Өтініш.
- Туу туралы куәлік немесе жеке куәлік көшірмесі.
- Негізгі орта білімі туралы куәлік (9 сынып) немесе аттестат (11 сынып).
- ЖСН көшірмесі, мекен-жайы туралы анықтама.
- Фотосурет 3х4 (6 дана).
- Медициналық анықтамалар №086, №063 (флюорография түпнұсқасы).

**Алматы қаласы, Төле би көшесі №106 Шарипов көшесінің қиылысы.**

**Тел.: 292-18-68, 292-44-58, 292-17-45, 292-33-44.**

# ҚАРТЫҢ БАР БОЛСА, ЖАЗУЛЫ ХАТЫҢ БАР...



Ауыл баласының қашанда аңсары ауылға ауып тұрады ғой. Мен де Талдықорғаным десем, бауыр етім езіліп тұрады. Ауылға барар тағы бір себебім бар. Ол Ұлы Отан соғысының ардагері Әсемгүл Молаубекова әжеміздің қалын білу. Тілеуімізді тілеген, еркелігімізді көтерген, ауырсақ жаны ауырған, көрмей қалса сағынған асыл Әсембала Молаубекова әжетайымыз биыл 99 жасқа келді. Әжемізге Жаратушымыз өмірін мәнді де мағыналы өткізгені үшін бе, жоқ әлде тылсым табиғаттың тағы бір тосын сыйы ма... Белгісіз шашы мен маржандай тісі қайта жаңару үстінде.

Міне, адамзат баласы жерде жүргенде құдайдың жарылқауы да тоқтаусыз екеніне тағы бір көз жеткізесің. Көңілі кең, жүрегі мейірімді, кеудесі қазына, сөзі қасиетті ақ әжеміз балалары мен немере, шөберелері, шөпшектерінің қызығын көріп, бақыттың базарында жүр. Мен осы бір карттыққа бой алдырмай, көре қалса көрмей жатып дауысыңнан бірден танитынына таңғаламын да тамсанамын. Нұрлы жүзіңе жарасқан ақ жаулығыңнан, немересін барлығынан артық жақсы көрген ыстық ықыласыңнан айналдым!

Тоқсанның төрінде төбедей болып отырған қайсар қара кемпір қазіргі жастарға үлгі. Оның ұзақ жасауының себебі де бар. Ол ешқашан бір орында тоқтап қалған емес. Қашанда өмірдің күйбең тіршілігін таң бозынан бастап, кеш батқанға дейін тап-тұйнақтай етіп тындыратын. Ең бастысы басына түскен ауыртпашылықты Алланың берген сынағы ретінде қарап аса байыптылықпен, сабырлықпен шешетін не болмаса дәл сол қалпы қабылдайды.

Бар тәттіні аузымызға тосып, бар жақсыны үстіме кигізіп, еркелетіп өсірген, қызық ертегісі мен ақыл-өсиетін құлағыма құюдан жалықпаған дана әжем менің. Әрқашан ортамызда осылай ұрпақтарыңыздың қызығына кенеліп жүре беріңіз! Жасыңыз ұзақ болсын, ауырмаңыз!

***Гүлмира КЕРІМҚҰЛОВА.***

# Требуй чек— выиграй приз!



С 01 апреля по 30 ноября 2015 года проводится акция требуй чек - выиграй приз. В целях привлечения населения к общественному контролю за выдачей чеков контрольно-кассовых машин, а также повышения налоговой культуры среди налогоплательщиков с 01 апреля по 30 ноября 2015 года проводится акция «Требуй чек - выиграй приз!».

Для участия в акции необходимо принести кассовые чеки от любых покупок в пункты приема и обменять их бесплатно на розыгрышные купоны. 10 чеков контрольно-кассовых машин меняются на один розыгрышный купон. Пункты приема находится в Управлении государственных доходов по Илийскому району (1 этаж).

Розыгрыш призов проводится ежемесячно.

Информация о победителях акции будет размещена в СМИ и на сайте http//alm.kgd.gov.kz

Не вправе принимать участие в акции:

- работники органов государственных доходов;
- юридические и физические лица-предприниматели по чекам контрольно-кассовых машин, зарегистрированных на их имя.

Организаторы акции - Комитет государственных доходов МФ РК и территориальные органы государственных доходов.

***УГД по Илийскому району, отдел приема и обработки информации налогоплательщиков.***

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**По итогам тендера по определению поставщика услуг по вывозу ТБО с территории Илийского района по Байсеркенскому сельскому округу: с. Коян-Кус, Ынтымак, Жана-Даур, Жана-Талап, Байсерке, Коктерек оказывать услуги по вывозу ТБО будет ТОО «МПП ЖКХ». С 1 сентября 2015 года переходит на единую платежную систему и оплата будет производиться через Алсеко. Стоимость услуг вывоза ТБО с 1 человека будет составлять 250 тенге.**

**Частной компании требуется бухгалтер с опытом работы. Конт. тел.: 8-7015677433.**

# Наследство

В связи со смертью **Бойко Любови Павловны,** умершей 11.02. 2015 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р.Е. Сокольниковой по адресу: п.Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

***

В связи со смертью **Нуржановой Каншы,** умершей 12.05. 2014 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р.Е. Сокольниковой по адресу: п.Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

***

В связи со смертью **Дурыничева Юрия Алексеевича,** умершей 2.11. 1995 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р.Е. Сокольниковой по адресу: п.Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

***

В связи со смертью **Сарсеева Айдына Ертилеуовича,** умершего 21.07. 2015 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р.Е. Сокольниковой по адресу: п.Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

***

В связи со смертью **Лукина Владимира Васильевича,** умершего 4.01. 2003 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р.Е. Сокольниковой по адресу: п.Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

***

В связи со смертью **Мельниковой Марии Дементьевны,** умершей 22.01. 2000 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Рахымжанову Аманжолу Тулеуовичу по адресу: Алматинская обл., Илийский р/н, с. Жапек батыр, ул. Абая д/б здание АО «Казпочта».

***

В связи со смертью **Гильмиянова Хамита Хамитовича,** 24.11.1962 года рождения, уроженца России, умершего 03.07.2015 года, проживавшего по адресу: Алматинская область, Илийский район, село Караой, ул. Абишева (бывшая ул. 60 лет Пионерии), д. 16, кв. 1, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления, обратиться к нотариусу Абылкасымовой Г.О., по адресу: п.Боралдай, мкр. «Водник-1», дом №36/11, тел.:8-707-137-87-75.

В связи со смертью **Корымбекова Калмухамбета,** 01.06.1968 года рождения, уроженца Алматинской обл., умершего 26.05.2010 года, проживавшего по адресу: Алматинская область, Илийский район, с. КазЦИК, ул. Аитова, д. 30, кв. 3, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления, обратиться к нотариусу Абылкасымовой Г.О., по адресу: п.Боралдай, мкр. «Водник-1», дом №36/11, тел.:8-707-137-87-75.

***

В связи со смертью **Котлярова Владимира Васильевича,** умершего 22.04. 2011 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Мухамеджановой Куляш Аринжановне, по адресу: с.Жетыген, ул. Заводская, 1.

***

В связи со смертью **Донебаева Ыдыхана Донебаевича,** умершего 08.03. 2015 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Мухамеджановой Куляш Аринжановне, по адресу: с.Жетыген, ул. Заводская, 1.

***

В связи со смертью **Гольченко Филиппа Трофимовича,** умершего 23.02. 2015 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М.К. Ахметовой по адресу: п.Отеген батыр, ул. Титова, №9 А/1, тел.: 2-13-44.

***

В связи со смертью **Коновалова Корнея Поликарповича,** умершего 26.05. 2015 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 3 месяцев со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М.К. Ахметовой по адресу: п.Отеген батыр, ул. Титова, №9 А/1, тел.: 2-13-44.

***

В связи со смертью **Индик Виктора Васильевича,** умершего 11.06. 2015 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 3 месяцев со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М.К. Ахметовой по адресу: п.Отеген батыр, ул. Титова, №9 А/1, тел.: 2-13-44.

***

В связи со смертью **Гильдюк Вадима Михайловича,** умершего 01.06. 2015 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Смайловой Дуржан Абдразаховне по адресу: п.Отеген батыр, мкр. «Куат», ул. Сартай батыра, дом №23.

***

В связи со смертью **Чалковой Надежды Терентьевны,** умершей 22.01. 2015 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления, обратиться к нотариусу Абылкасымовой Г.О., по адресу: п.Боралдай, мкр. «Водник-1», дом №36/11, тел.:8-707-137-87-75.

***

В связи со смертью **Воронкова Алексея Васильевича,** умершего 24.03. 1997 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Н.К. Кузутбаевой по адресу: п. Первомайский, ул. Вокзальная.

# Утеря

Утерянное Решение Илийского районного суда на имя **Айткалиевой Гульжамал Мамырбековны** от 23.04. 2000 г., считать недействительным.

***

Утерянные документы на дачу по адресу: ПКСТ «Дружба», ул. Набережная, 250: земельный акт кадастровый №03-046-083-624 и технический паспорт, выданные на имя **Мотылева И.Д.,** считать недействительными.

***

Утерянный договор купли-продажи земельного участка на имя Турмановой Тарбии Кульмухановны, зарегистрированный в реестре за №5566 нотариусом **Маметалиевой М.А.,** считать недействительным.

***

Утерянный договор купли-продажи земельного участка, зарегистрированный в реестре за №6245 28 июля 2014 г. нотариусом **Г.С. Киргабаковой,** считать недействительным.

***

Утерянный гос.акт №006256 кадастровый №03-046-045-587, выданный на имя **Клат Любови Викторовны,** считать недействительным.

Утерянное регистрационное удостоверение №318 от 6.09. 1994 г. на имя **Байжакашова Рустембека Какимхановича,** считать недействительным.

***

Утерянный тех.паспорт на дом: с.Междуреченский, ул. Молодежная №3, выданный на имя **Масимгазиева Аслана Аманжоловича,** считать недействительным.

***

Утерянный гос.акт №451469 на земельный участок кадастровый №03-046-093-588 выданный на имя **Абдугалиева Б.М.,** считать недействительным.

***

Утерянный гос.акт на земельный участок №0301019 от 30.06. 2003 г., кадастровый №03-046-102-766, на имя **Батыргожина Адкена Ахмедиевича,** считать недействительным.

***

Утерянный техпаспорт на дачный дом сад. Общества «Ардагер-Ветеран» ул. 31-я линия, уч. №36, выданный 10.03. 2009 г., считать недействительным.

***

Утерянное регистрационное удостоверение от 05.10. 1988 г. на дом по адресу: п.Бурундай, ул.Ленина, 17, на имя **Арсенкова Александра Владимировича,** считать недействительным.

***

Утерянные документы:

1. Технический паспорт инв. №1263 от 21 августа 2006 г.
2. Сведения о собственнике.
3. Договор о приватизации зарегистрированый в реестре за №394 10.03. 1992 г., выданные на имя **Веселовой Татьяны Назаровны,** считать недействительными.

Меншік иесі: Медиахолдинг Жетысу Ақпарат акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы Гүлжиян Сүлейменова

Біздің мекен-жайымыз:
040700, Өтеген батыр кенті, Қапал батыр көшесі, 2-үй, 3-қабат.
Телефон 3-90-24, 2-51-73-36
e-mail: ile-tany@mail.ru

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2013 ЖЫЛҒЫ 27 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ТІРКЕЛІП, №13888-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Газет Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 "В" үйдегі АҚ "Алматы Болашақ" баспаханасында басылады.

Директор-бас редакторы АЙДАРБЕКОВА РОЗА МАРАТҚЫЗЫ

Қолжазбалар, суреттер, фотолар қайтарылмайды.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері, үндеулері, ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 4380
Тапсырыс 1305

ИНДЕКСІ:66143

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ - ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.